**М .Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының атқарылған жұмыстарының есебі**

2021-2022 оқу жылында М .Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі бойынша «Адал Ұрпақ» ерікті мектепішілік клубы жұмыс атқарылды. Мақсаты: Қоғамда адал ұрпақ қалыптастыру бағытында білім мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу жұмыстарын жүйелі жүргізу.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Мектеп ұжымы мен 11 сынып оқушыларының қатысуымен өткен жиын мектепте аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты немесе патриотты қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатын көздеді. Осындай міндеттерді негізге ала отырып, мектебімізде 8 класс оқушылары «Біз жемқорлыққа қарсымыз» бейнероликтер көрсетілді. Жиын барысында ел тарихына шолу жасалып, мемлекеттік қызмет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимылдар жайында бейнеролик көрсетілді. Қараша айында «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының отырысы болды. Отырыс барысында алдағы бірлесіп атқарылатын жұмыстар талқыланды. Клуб мүшелері сөз сөйлеп, жиынның маңыздылығына тоқталды. Еліміздің алдыңғы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістерге жететіндеріне сенім білдірді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Біздің таңдауымыз заңды мемлеткет» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелге ДТІЖО, Есенжолов Б, 9-11 класс жетекшілері мен мектеп инспекторы қатысты. Мектеп оқушыларының арасында «Адал болу адамға не үшін қажет», «Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік қауіпті көзқарас», «Сыбайлас және оның салдары» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. «Адал сатылмайтын еңбек» атты сурет көрмесі өтілді. Көрменің мақсаты оқушыларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеудің негізгі міндеті – құқықтық сананы қалыптастыру болды. Көрмеге 5-8 сынып оқушыларының суреттері қойылды. Қаңтар айында қазақ тілі мен орыс тілі әдебиеті мұғалімдері «Жемқорлықсыз болашақ» эссе байқауын ұйымдастырды. Мақсаты: оқушыларды рухани адамгершілік және азаматтық патриоттық тәрбиелеу болып табылады. Ақпан айында «Жастар арасында тұрақты сана мен патриоттықты қалыптастыру» мақсатында ауған соғыс ардагерлерімен кездесу болды. Кездесуге ДТІЖО, АӘД пәнінің мұғалімі, Есенжолов Б, клуб мүшелері қатысты. сонымен қатар «Мекмлекет қызмет – өмірлік ұстаным» мемлекеттік қызметшілермен кездесу ұйымдастырылды. Клуб

мүшелері «Қоғамдық тәртіп» пікір-талас өткізді. Мамыр айында жыл бойы атқарылған жұмыстар қорытындыланды.